

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған  
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)**

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай  
бойынша**

## Мазмұны

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу тексерісінің нәтижелері бойынша есеп

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....	1-2
Жиынтық табыс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп.....	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп.....	4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп.....	5

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке (аудиттелмеген) ескертпелер

1 Корпоративтік ақпарат.....	6
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі .....	7
3 Топтың есеп саясатындағы өзгерістері.....	8
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары.....	9
5 Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу.....	9
6 Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу.....	10
7 Негізгі құралдар.....	12
8 Пайдалану құқығы нысанындағы активтер .....	13
9 Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар.....	13
10 Берілген аванстар.....	14
11 Байланысты тарапқа берілген қарыздар .....	14
12 Басқа да қаржылық активтер .....	15
13 Табыс салығынан басқа, өтелуге жататын ҚҚС және салықтар бойынша алдын ала төлем .....	15
14 Банк салымдары.....	15
15 Ақша қаражаты және оның баламалары .....	16
16 Қорлар .....	16
17 Сауда және басқа да дебиторлық берешек.....	17
18 Капитал.....	17
19 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.....	19
20 Пайыздық қарыздар.....	19
21 Байланысты тараптан алынған қарыздар.....	20
22 Резервтер.....	20
23 Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер .....	21
24 Сатып алушылармен жасалатын шарттар бойынша міндеттемелер.....	21
25 Сауда және басқа да кредиторлық берешек .....	21
26 Басқа да қаржылық міндеттемелер.....	22
27 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім .....	22
28 Өткізудің өзіндік құны.....	23
29 Жалпы және өкімшілік шығыстар.....	23
30 Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс .....	24
31 Қаржылық шығындар.....	24
32 Табыс салығы бойынша шығыстар .....	24
33 Байланысты тараптармен мәмілелер .....	25
34 Шарттық және шартты міндеттемелер.....	28
35 Қаржылық құралдар, қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты.....	31
36 Сегменттік есептілік.....	32
37 Есеп беру күннен кейінгі оқиғалар.....	33



## Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

"QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" АҚ Басшылығы, Директорлар Кеңесі мен Акционеріне

### Кіріспе

Біз "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" АҚ және оның еншілес компанияларының 2023 жылғы 30 маусымдағы берілген жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікке, белгіленген күнмен аяқталған үш және алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы және алты ай аралығына тиісті белгіленген күнмен аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының ағындары туралы есептіліктерге сондай-ақ тиісті түсіндірме жазбаларға шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалғаны және көрсетілгені үшін жауапты. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастыру болып табылады.

### Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде, ең алдымен қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан жауап алумен және талдау мен өзге де рәсімдерден тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындала алатын барлық маңызды мәселелердің белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

### Қорытынды

Өткізілген шолып тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін еш бір дерек біздің назарымызды аудартады.

*Priscilla Houck Coopers LLP*

2023 жылғы 8 тамыз  
Астана, Қазақстан

Мың теңгемен	Ескертпе	2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)*
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Айналымнан тыс активтер</b>			
Негізгі құралдар	7	1.171.676.290	1.115.584.339
Барлау және бағалау бойынша активтер		16.649.547	16.474.772
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	8	77.940.170	90.661.610
Материалдық емес активтер		4.630.988	5.166.868
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	9	1.086.971.226	930.644.064
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	10	64.827.974	2.480.806
Өтелуге жататын ҚҚС	13	106.224.094	78.509.782
Кейінге қалдырылған салық активтері		1.232.279	1.216.148
Басқа да айналымнан тыс активтер		116.599	118.725
Банк салымдары	14	2.564.552	2.755.818
		<b>2.532.833.719</b>	<b>2.243.612.932</b>
<b>Айналымдағы активтер</b>			
Қорлар	16	44.617.063	37.464.754
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	17	253.703.250	170.562.796
Берілген аванстар	10	1.301.111	3.701.240
Байланысты тарапқа берілген қарыздар	11	33.763.476	3.524.877
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	13	48.101.609	44.836.145
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		50.425.297	45.200.131
Басқа да айналымдағы активтер		998.652	511.714
Басқа да айналымдағы қаржылық активтер	12	116.409.035	33.600.948
Банк салымдары	14	5.215.093	11.351.931
Ақша қаражаты және оның баламалары	15	359.506.275	577.128.222
		<b>914.040.861</b>	<b>927.882.758</b>
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>3.446.874.580</b>	<b>3.171.495.690</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 6-ескертпеде келтірілген салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді көрсетеді.

Мың теңгемен	Ескертпе	2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)*
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	18	447.874.886	430.959.489
Қосымша төленген капитал		25.946.130	25.946.130
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.202.563	2.562.805
Бөлінбеген пайда		1.866.599.580	1.728.093.477
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>2.342.623.159</b>	<b>2.187.561.901</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19	323.876.962	330.925.389
Пайыздық қарыздар	20	38.321.896	46.751.519
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	21	7.960.394	8.109.740
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	23	76.669.795	77.780.710
Қызметкерлерге сыйақылар төлеу бойынша міндеттемелер		650.410	577.165
Резервтер	22	74.315.911	65.373.257
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	26	2.652.773	3.510.235
Шарт бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	24	11.018.265	11.127.184
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		91.329.202	91.943.198
		<b>626.795.608</b>	<b>636.098.397</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19	3.783.771	3.772.898
Пайыздық қарыздар	20	92.404.551	111.907.583
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	21	8.065.883	7.737.372
Резервтер	22	33.178.779	33.971.438
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	25	268.518.434	121.516.559
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		146	899.847
Табыс салығынан басқа төленуге жататын салықтар		3.389.670	3.998.804
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	23	24.089.898	19.124.431
Шарт бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	24	11.453.870	8.075.408
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	26	20.608.425	21.367.506
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		11.962.386	15.463.546
		<b>477.455.813</b>	<b>347.835.392</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>1.104.251.421</b>	<b>983.933.789</b>
<b>ЖИЫНЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>3.446.874.580</b>	<b>3.171.495.690</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 6-ескертпеде келтірілген салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді көрсетеді.

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Ақан А.М.

Бас бухгалтердің міндетін атқарушы

Боқаев Е.Н.

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп

Мың теңгемен	Ескертпе	30 маусымда аяқталған үш ай бойынша (аудиттелмеген)		30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудиттелмеген)	
		2023 ж.	2022 ж. (қайта есептелген)*	2023 ж.	2022 ж. (қайта есептелген)*
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	27	266.064.554	249.819.093	475.603.643	524.145.986
Сатудың өзіндік құны	28	(221.130.473)	(187.407.117)	(445.870.302)	(418.908.456)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>44.934.081</b>	<b>62.411.976</b>	<b>29.733.341</b>	<b>105.237.530</b>
Жалпы және өкімшілік шығыстар	29	(8.641.403)	(6.946.753)	(13.833.413)	(13.111.459)
Күтілетін несиелік зиян резервін есептеу		(627.759)	(4.204.922)	(2.535.156)	(4.369.196)
Басқа да операциялық кірістер		979.928	1.689.856	1.680.619	2.197.558
Басқа да операциялық шығыстар		(230.816)	(518.813)	(325.420)	(804.086)
<b>Операциялық пайда</b>		<b>36.414.031</b>	<b>52.431.344</b>	<b>14.719.971</b>	<b>89.150.347</b>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс	30	6.304.023	6.494.071	13.657.544	12.569.748
Қаржылық кіріс		1.648.406	1.007.292	2.755.692	1.780.689
Қаржылық шығындар	31	(13.808.565)	(15.481.835)	(29.239.344)	(29.232.310)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	9	85.911.353	91.531.849	156.732.416	169.267.965
Оң / (теріс) бағамдық айырма, нетто		10.854.600	(33.730.936)	15.469.475	(25.321.972)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>127.323.848</b>	<b>102.251.785</b>	<b>174.095.754</b>	<b>218.214.467</b>
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыстар)	32	380.600	(13.280.628)	(8.524.287)	(24.450.472)
<b>КЕЗЕҢ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>127.704.448</b>	<b>88.971.157</b>	<b>165.571.467</b>	<b>193.763.995</b>
<b>Басқа жиынтық (шығын)/кіріс</b>					
<i>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін басқа жиынтық (шығын) /кіріс сомалары</i>					
Шетелдік операцияларды қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмашылықтар		(247.099)	26.985	(360.242)	553.560
<b>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеле алмайтын өзге де жиынтық кіріс сомалары</b>					
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық табыс		-	-	-	-
Табыс салығы бойынша шығыстардың әсері		-	-	-	-
Табыс салығын шегергендегі кезеңдегі өзге жиынтық (шығыс)/кіріс		(247.099)	26.985	(360.242)	553.560
<b>Табыс салығын шегергендегі кезең ішіндегі жиынтық кірістің жиыны</b>		<b>127.457.349</b>	<b>88.998.142</b>	<b>165.211.225</b>	<b>194.317.555</b>
<b>Акцияға шаққандағы пайда</b>					
Бас компанияға тиесілі кезеңдегі акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда	18	0.28	0.24	0.38	0.52

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 5-ескертпеде келтірілген салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді көрсетеді.

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Ақан А.М.

Бас бухгалтердің міндетін атқарушы

Бокаев Е.Н.

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Мың теңгемен	Ескертпе	30 маусымда аяқталған алты ай бойынша (аудиттелмеген)	
		2023 ж.	2022 ж.
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Сатып алушылардан түсімдер		413.328.219	404.730.853
Алынған пайыздар		12.828.385	11.324.292
Салық органдарынан салықтарды қайтару		4.332	23.082
Басқа да түсімдер		2.283.693	14.141.028
Өнім берушілерге төлемдер		(293.001.606)	(258.028.079)
Төленген табыс салығы		(14.366.699)	(23.031.436)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(25.562.186)	(28.280.046)
Қаржылық жалдау бойынша төленген пайыздар		(16.825.128)	(18.727.960)
Жұмыскерлерге төлемдер		(34.796.053)	(30.918.582)
Басқа да төлемдер		(4.684.469)	(7.712.528)
<b>Операциялық қызметтен таза ақша ағындары</b>		<b>39.208.488</b>	<b>63.520.624</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Банк салымдарын қайтару		25.899.127	9.476.600
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		3.731.208	2.330
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түсетін түсімдер	12	60.000.000	-
Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер	9	90.851	27.058
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		158	9.280.158
Басқа түсімдер		-	211.833
Қаржы активтерін сатып алу		(63.260.261)	(673.261)
Банк салымдарын орналастыру		(19.888.951)	(42.488.288)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(104.903.529)	(15.744.799)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	12	(80.064.757)	-
Байланысты тараптарға қарыздар беру	11	(31.033.328)	(9.295.000)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(209.429.482)</b>	<b>(49.203.369)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>			
Пайыздық қарыздарды және шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу		(9.369.770)	(14.541.247)
Жалғыз акционерге төленген дивидендтер	18	(27.065.364)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(1.430.212)	(4.106.849)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(37.865.346)</b>	<b>(18.648.096)</b>
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгеруі</b>			
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша таза бағамдық айырма		(9.535.607)	24.695.914
Кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	15	577.128.222	382.704.384
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>15</b>	<b>359.506.275</b>	<b>403.069.457</b>

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Акан А.М.

Бас бухгалтердің міндетін атқарушы

Бокаев Е.Н.

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2022 ж. 1 қаңтарға (қайта есептелген)*	417.780.839	25.946.130	2.410.861	1.341.548.664	1.787.686.494
Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	193.763.995	193.763.995
Кезең ішіндегі басқа жиынтық табыс	-	-	553.560	-	553.560
<b>Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</b>	-	-	<b>553.560</b>	<b>193.763.995</b>	<b>194.317.555</b>
<b>2022 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша (аудиттелмеген) (қайта есептелген)*</b>	<b>417.780.839</b>	<b>25.946.130</b>	<b>2.964.421</b>	<b>1.535.312.659</b>	<b>1.982.004.049</b>
2023 ж. 1 қаңтарға (қайта есептелген)*	430.959.489	25.946.130	2.562.805	1.728.093.477	2.187.561.901
Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	165.571.467	165.571.467
Кезең ішіндегі басқа да жиынтық шығын	-	-	(360.242)	-	(360.242)
<b>Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</b>	-	-	<b>(360.242)</b>	<b>165.571.467</b>	<b>165.211.225</b>
Акциялар шығарылымы (18-ескертпе)	16.915.397	-	-	-	16.915.397
Дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	(27.065.364)	(27.065.364)
<b>2023 ж. 30 маусымға (аудиттелмеген)</b>	<b>447.874.886</b>	<b>25.946.130</b>	<b>2.202.563</b>	<b>1.866.599.580</b>	<b>2.342.623.159</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 6-ескертпеде келтірілген салыстырмалы ақпаратты қайта есептеуді көрсетеді.

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Акан А.М.

Бас бухгалтердің міндетін атқарушы

Боқаев Е.Н.





## 1 Корпоративтік ақпарат

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания» немесе «QG») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталатындар) қаржылық есептілігі кіреді.

«ҚазТрансГаз» ҰК» акционерлік қоғамы атауы «QazaqGaz» ҰК» АҚ деп өзгертілді. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 қаулысы негізінде құрылған және 2000 жылғы 13 наурызда жабық акционерлік қоғам нысанында тіркелген акционерлік қоғам болған. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12 мекенжайы бойынша тіркелген.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл – ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» немесе «Жалғыз акционер») «QG» жалғыз акционері болып табылады, ал «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық еншілес ұйымдары Компания мен Топтың байланысты тараптары ретінде қаралады.

Үкіметтің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес QG газ өндіру және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды. Компанияның ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауарлық газға деген ішкі қажеттілігін сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Топтың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Қазақстанда магистральдық құбырлардың газ тасымалдау жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кен орындарын игеру үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газ сату;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және енгізу бағдарламасына қатысу.

Топтың операциялық қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені Топ газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу саласындағы монополист болып табылады. Заңға сәйкес, газды ішкі нарыққа тасымалдау және өткізу жөніндегі Топтың тарифтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекітеді.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топта 2022-2027 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламалар бойынша 166.552.220 мың теңге мөлшерінде міндеттемелері бар (2022 жылғы 31 желтоқсан: 204.010.697 мың теңге).

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары және Компанияның бас бухгалтерінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 8 тамызда шығаруға рұқсат берді.

### **Көмірсутектерді барлау және өндіру**

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Солтүстік Үшарал, Үшарал Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ Амангелді, Анабай, Айрақты және Құмырлы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан газ кен орындарын қоса алғанда, XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға келісімшартқа қол қойды (бұдан әрі – «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт»). Сондай-ақ, Топ өз қызметін 2018 жылғы 30 шілдедегі Қазақстан Республикасының Созақ ауданындағы XXXI-44-D (ішінара), E (ішінара) блоктары шегінде Придорожное кен орнында газ өндіруге арналған келісімшартқа сәйкес жүзеге асырады. Топ 2003 жылғы қарашада Амангелді газ кен орнында және 2014 жылғы желтоқсанда Жарқұм кен орнында газ өндіруді және өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша, егер көмірсутектердің коммерциялық рентабельді қорлары табылмаса, Топ өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқылы.

## 2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Топтың 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған, алты айлық кезең бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі ХҚЕС 34 «Аралық қаржылық есептілік» сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жылдық қаржылық есептілікте ашылуға жататын барлық мәліметтер мен деректерді қамтымайды және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс.

### Еншілес ұйымдар

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген келесі ұйымдардың капиталына қатысты:

Атауы	Тіркелу орны	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі	
			2023 ж. 30 маусым	2022 ж. 31 желтоқсан
«Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА»)	Қазақстан	Газды тасымалдау және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету	100%	100%
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ»)	Қазақстан	Жергілікті энергия таратушыларға, заңды және жеке тұлғаларға газ өткізу	100%	100%
«ҚазТрансГазӨнімдері» ЖШС	Қазақстан	Тасымалдау қызметтері	100%	100%
«QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС («Qazaq Gas BӨ»)	Қазақстан	Табиғи газ және газ конденсатын өндіру	100%	100%
«Qazaq Gas Qulyys» ЖШС	Қазақстан	Табиғи газ және газ конденсатын барлау	100%	100%
«ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ	Қырғызстан	«Бұхара газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральдық газ құбырын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту	100%	100%
«ҚТГ Файнэнс Б.В.»	Нидерланды	Қаржылық қызмет	100%	100%
«ҚазМұнайГаз Сервис-NS» АҚ	Қазақстан	Гольф клубын салу және пайдалану	100%	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС («Тегіс Мұнай»)	Қазақстан	Табиғи газ өндіру	100%	-
«Маңғышлақ Мұнай» ЖШС («Маңғышлақ Мұнай»)	Қазақстан	Геологиялық барлау және іздестіру	100%	-

2022 жылы «Амангелді Газ» ЖШС «QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС болып қайта аталды.

2022 жылғы 28 желтоқсанда Топ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Тегіс Мұнай» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылғы 13 қаңтарда қайта тіркеу процессі аяқталды (6-ескертпе).

2023 жылғы 31 мамырда «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ға беру арқылы «Тегіс Мұнай» ЖШС жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылданды. «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС «Тегіс Мұнай» ЖШС-нің 100% еншілес кәсіпорны болды.

### Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың үлестік қатысу едісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлестері болды:

Атауы	Тіркелу орыны	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі	
			2023 ж. 30 маусым	2022 ж. 31 желтоқсан
«Азиялық Газ Құбыры» ЖШС («АГҚ»)	Қазақстан	Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС («БШГҚ»)	Қазақстан	Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану	50%	50%
«АвтоГаз» ЖШС («АГ»)	Қазақстан	Автогаз толтыру компрессорлық станцияларын ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету	50%	50%
«Отан Газ» ЖШС («ОГ»)	Қазақстан	Газ өңдеу зауытын салу	50%	50%

## 2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### *Украина аумағындағы қақтығыс және Ресейге қарсы санкциялардың әсері*

2022 жылы басталған Украина аумағындағы қақтығыс қаржылық есептілікке әсер ететін ХҚЕС есебінің бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына әкелді. Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптасқан жағдай, сондай-ақ тауар бағаларының, валюта бағамдарының ықтимал ауытқулары, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қолжетімділік ТМД аумақтарында қызметтің елеулі көлемін жүзеге асыратын компанияларға тікелей әсер етті.

Қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайға және Ресей Федерациясына қатысты халықаралық санкцияларға байланысты ресейлік газға сұраныс төмендеді. Осыған байланысты, Топта «Газпром» тобымен шарттар бойынша халықаралық транзит көлемінің төмендеуі және соның салдарынан кейбір экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі байқалады. Басшылық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың болашақта Топтың қаржылық жағдайына әсерін бағалай алмайды. Басшылық өзінің әдеттегі қызметі шеңберінде Еуропалық Одақтың санкциялық тізімдеріндегі компаниялармен, шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (OFAC) және кез келген басқа да қолданылатын санкциялармен ынтымақтастықты болдырмау үшін барлық қолжетімді тетіктерді тұрақты негізде қабылдайтынына, сондай-ақ ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді.

### *Валюта айырбастау бағамдары*

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚКБ») белгіленген орташа өлшенген валюта бағамдары пайдаланылады. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан қор биржасының валюта айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 452,51 теңгені және 1 ресейлік рубль үшін 5,14 теңгені құрады. Бұл курстар 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша АҚШ долларымен және ресейлік рубльмен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: бағамдары тиісінше 462,65 теңге және 6,43 теңгеге тең болған АҚШ долларымен және ресейлік рубльмен көрсетілген).

## 3 Топтың есеп саясатындағы өзгерістері

### *Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер*

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған Есеп саясаты 2023 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген кез келген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Кейбір түзетулер Топ үшін 2023 жылы қолданылады, бірақ Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

Жаңа стандарттардың, сондай-ақ түзетулер мен түсіндірулердің тізімі төменде келтірілген:

- ХҚЕС 17 (IFRS) «Сақтандыру шарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС 17 түзетулері (IFRS) және ХҚЕС 4 түзетулері (IFRS) 4 (2020 жылғы 25 маусымда шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді)
- ХҚЕС (IFRS) 17 қолданатын – ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулерін сақтандырушылар үшін ауысу нұсқасы (2021 жылдың 9 желтоқсанында шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС 1-ге және ХҚЕС 2 тәжірибесі туралы ережеге түзетулер: «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» (2021 жылғы 12 ақпанда шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).

### 3 Топтың есеп саясатындағы өзгерістері (жалғасы)

*Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер (жалғасы)*

- ХҚЕС 8 (IAS) түзетулері: «Бухгалтерлік бағалауды айқындау» (2021 жылғы 12 ақпанда шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық – ХҚЕС 12т түзетулері (IAS) (2021 жылғы 7 мамырда шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салығы: халықаралық салық реформасы — екінші компоненттің модельдік ережелері» түзетулері (2023 жылғы 23 мамырда шығарылды).

### 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары

Қолданылатын есеп саясатына қатысты басшылықтың елеулі пайымдаулары және осы қысқартылған аралық ақпаратты дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері 2022 жыл бойынша ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған Топтың жылдық есептілігіндегі ұқсас пайымдаулар мен дереккөздерге сәйкес келеді.

#### *Газ сатып алу шарттары бойынша кредиторлық берешек*

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топта 2022 жылғы желтоқсанның бастап 2023 жылғы маусымға дейінгі кезеңде шарттарсыз жалпы сомасы 60.025.470 мың теңгеге газ сатып алғаны үшін сауда кредиторлық берешегі бар. Алдыңғы шарттардың күші жойылып, жаңаларын жасау процедурасы әлі аяқталмағандықтан, Топ Топ басшылығының ең жақсы бағасына сүйене отырып, кредиторлық берешекті есептеу әдісімен мойындады. Осы шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті шығару күніне Басшылық келіссөздер сатысында және 2023 жылдың соңына дейін шарттарға қол қоюды күтуде.

#### *Табыс салығы*

Табыс салығы бойынша шығыстар аралық кезеңде танылған жекелеген баптар бойынша салық әсеріне түзетіле отырып, аралық кезеңдегі нақты салық салынғанға дейінгі пайдаға қолданылатын күтілетін орташа өлшенген тиімді жылдық салық ставкасы негізінде есептеледі.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңде пайдаланылған күтілетін орташа жылдық салық мөлшерлемесі 5% құрады (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңде: 11%).

### 5 Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

Топ 2022 жылдық есептілікке сәйкес, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша аралық (қысқартылған) шоғырландырылған жиынтық табыс туралы есептің кейбір баптарының ұсынылуын қайта қарады. Басшылық мұндай қайта есептеу ХҚЕС 16 «Жалдау» (IFRS) талаптарына сәйкес келеді деп санайды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда Топ «Сарыарқа» МГҚ құбырын «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-мен 2022 жылдан 2026 жылға дейін 5 жылға жалға алу шартына қол қойды, ол ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған ТМРК тарифтері бекітілген күннен бастап, яғни 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұл шарт ауыспалы жалдау төлемдерінің талаптарымен жасалды, олардың ауыспалығы «Сарыарқа» МГҚ арқылы тасымалданатын газ көлеміне байланысты. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ осы шарт бойынша 16.869.509 мың теңге сомасына шығындарды өзіндік құн құрамында операциялық жалдау ретінде мойындады.

2022 жыл соңындағы жағдай бойынша Басшылық өз көзқарастарын қайта қарады. Жалдау төлемдерінен жалтармаушылық пен жалдау төлемдерінің нақты өзгермеушілігінің болмауына байланысты олар мәні бойынша бекітілген болып табылады, сондықтан жалдау міндеттемесін бағалауға қосылуы керек. Топ «Сарыарқа» МГҚ жалдау бойынша міндеттемелерді және шарт күшіне енген күнге 111.326.816 мың теңге мөлшерінде пайдалану құқығын мойындады. Тиісінше, осы қаржылық есептілікте Топ пайдалану құқығы түріндегі активтің амортизациясы бойынша шығыстарды және жалдау бойынша дисконттың амортизациясын мойындады, сондай-ақ операциялық жалдау бойынша шығыстарды кері қайтарды.

**5 Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есептің және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есептің тиісті баптарына әсері болған жоқ. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жиынтық табыс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептің тиісті баптарына әсері төменде келтірілген:

<i>Мың теңге</i>	<b>Ағымдағы есептілікте ұсынылған</b>	<b>Жіктелуін өзгерту және өзгерістер</b>	<b>Бұрын ұсынылған</b>
Сатудың өзіндік құны	(418.908.456)	5.736.828	(424.645.284)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>105.237.530</b>	<b>5.736.828</b>	<b>99.500.702</b>
<b>Операциялық пайда</b>	<b>89.150.347</b>	<b>5.736.828</b>	<b>83.413.519</b>
Қаржылық шығындар	(29.232.310)	(5.736.828)	(23.495.482)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>218.214.467</b>	<b>-</b>	<b>218.214.467</b>

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш айдағы жиынтық табыс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептің тиісті баптарына әсері төменде келтірілген:

<i>Мың теңге</i>	<b>Ағымдағы есептілікте ұсынылған</b>	<b>Жіктелуін өзгерту және өзгерістер</b>	<b>Бұрын ұсынылған</b>
Сатудың өзіндік құны	(187.407.117)	2.901.415	(190.308.532)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>62.411.976</b>	<b>2.901.415</b>	<b>59.510.561</b>
<b>Операциялық пайда</b>	<b>52.431.344</b>	<b>2.901.415</b>	<b>49.529.929</b>
Қаржылық шығындар	(15.481.835)	(2.901.415)	(12.580.420)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>102.251.785</b>	<b>-</b>	<b>102.251.785</b>

**6 Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу***«Тегіс Мұнай» ЖШС*

2022 жылғы 28 желтоқсанда Топ «Самұрық-Энерго» АҚ-мен 13.178.650 мың теңгеге «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі – «ТМ») жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шартына қол қойды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ұзақ мерзімді аванстар ретінде көрсетілген 13.178.650 мың теңге мөлшерінде аванс берді.

2023 жылдың 13 қаңтарында қайта тіркеу процесі аяқталды. Сатып алу, еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және «Самұрық-Энерго» АҚ белгілеген «Тегіс Мұнай» ЖШС активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша алдыңғы-ұйымды бағалау әдісі бойынша ескерілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер, сатып алу ең ерте ұсынылған кезеңнің басында, яғни сатып алу 2021 жылғы 31 желтоқсанда болғандай қайта есептелді. Берілген өтемақы мен ТМ таза активтері арасындағы айырмашылық капитал құрамында көрсетілді.

**6 Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу (жалғасы)**

«Тегіс Мұнай» ЖШС (жалғасы)

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі жиынтық табыс туралы салыстырмалы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер сомалардың мәнісіздігіне байланысты қайта есептелмеген.

Төменде берілген өтемнің жалпы сомасының әділ құны және сатып алу күніндегі ТМ активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны туралы ақпарат (Алдыңғы болған тұлғаның бухгалтерлік кітаптарының негізінде) берілген:

<i>Мың теңге</i>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2021 ж. 31 желтоқсан</b>
Негізгі құралдар	14.708.919	14.738.571
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	7.434	4.623
Материалдық емес активтер	2.214	2.491
Өтелуге жататын ҚҚС	570.302	569.482
Банктік салымдар	54.251	54.251
Қорлар	362	1.043
Берілген аванстар	361	-
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	1.148	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	6.151	-
Басқа да айналымдағы активтер	132	1.469
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.028	15.232
<b>Активтер жиыны</b>	<b>15.357.302</b>	<b>15.387.162</b>
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	8.138	4.703
Резервтер	14.010	13.094
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2.183.180	2.102.129
Табыс салығынан басқа төленуге жататын салықтар	622	522
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	1.167	10.048
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	-	27.634
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>2.207.117</b>	<b>2.158.130</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>13.150.185</b>	<b>13.229.032</b>
<b>Еншілес ұйымдардың сатып алуына берілген өтем</b>		<b>13.178.650</b>
<b>Капиталда көрсетілген таза активтер өтемі мен баланстық құны арасындағы айырма</b>		<b>50.382</b>

**«Сагаз» ҰК» АҚ**  
**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке (аудиттелмеген) ескертпелер**

**7 Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар және тиісті жинақталған тозу және құнсыздану мынадай түрде ұсынылған:

Мың теңге	Ескертпе	Жер	Газ активтері	Ғимарттар мен құрылыстар	Газ тасымалдау жүйесі	Жабдық құралдары	Көлік құралдары	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Жылыны
<b>Бастапқы құны</b>										
	2022 ж. 31 желтоқсанда (қайта есептелген)	558.913	64.050.444	109.088.915	709.024.571	380.681.320	26.119.065	10.801.847	166.052.322	1.466.377.397
	Түсімдер	9.100	1.694.893	17.756.197	200.399	868.189	1.567.811	215.791	47.973.991	70.286.371
	Бағалаудағы өзгеріс	-	238.207	379.134	3.406.469	774.258	-	-	-	4.798.068
	Аударымдар	14	-	9.258.879	19.152.399	67.602.357	(24.509)	839.411	(96.828.551)	-
	Шығулар	-	(22.410)	(470)	(383.051)	(36.991)	(170)	(28.708)	-	(471.800)
	<b>2023 ж. 30 маусымда (аудиттелмеген)</b>	<b>568.027</b>	<b>65.961.134</b>	<b>136.482.655</b>	<b>731.400.787</b>	<b>449.889.133</b>	<b>27.662.197</b>	<b>11.828.341</b>	<b>117.197.762</b>	<b>1.540.990.036</b>
<b>Жинақталған тозу және құнсыздану</b>										
	2022 ж. 31 желтоқсанда (қайта есептелген)	-	(16.314.147)	(25.851.481)	(160.572.216)	(115.246.950)	(20.877.749)	(6.227.441)	(5.703.074)	(350.793.058)
	Кезеңге есептеу	-	(974.896)	(1.673.952)	(7.857.086)	(7.607.373)	(502.927)	(334.537)	-	(18.950.771)
	Аударымдар	-	-	25.498	-	(25.185)	-	(313)	-	-
	Шығулар	-	1.748	470	369.373	29.152	170	29.170	-	430.083
	<b>2023 ж. 30 маусымда (аудиттелмеген)</b>	<b>-</b>	<b>(17.287.295)</b>	<b>(27.499.465)</b>	<b>(168.059.929)</b>	<b>(122.850.356)</b>	<b>(21.380.506)</b>	<b>(6.533.121)</b>	<b>(5.703.074)</b>	<b>(369.313.746)</b>
<b>Қалдық құны</b>										
	2022 ж. 31 желтоқсанда (қайта есептелген)	558.913	47.736.297	83.237.434	548.452.355	265.434.370	5.241.316	4.574.406	160.349.248	1.115.584.339
	<b>2023 ж. 30 маусымда (аудиттелмеген)</b>	<b>568.027</b>	<b>48.673.839</b>	<b>108.983.190</b>	<b>563.340.858</b>	<b>327.038.777</b>	<b>6.281.691</b>	<b>5.295.220</b>	<b>111.494.688</b>	<b>1.171.676.290</b>

## 7 Негізгі құралдар (жалғасы)

### Түсімдер

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен 28.528.761 мың теңге сомаға қолданыстағы «Мақат-Солтүстік Кавказ» магистральдық газ құбырына резервтік газ құбырын салуға, 7.006.885 мың теңге сомаға «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының екінші желісін және 6.211.703 мың теңге сомаға «Қашаған» ГҚДҚ-дан компрессорлық станциясы бар «МСК» магистральдық газ құбырына дейін магистральдық газ құбырын салуға жұмсалған шығындармен байланысты жұмыстарды білдіреді.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ Жалғыз акционерден 16.915.397 мың теңге мөлшеріндегі әділ құн бойынша өкімшілік ғимарат алды (18-ескертпе).

### Аударымдар

Пайдалануға берілген негізгі құралдардың едәуір бөлігі «Қашаған» ГҚДҚ-дан «МСК» магистральдық газ құбырына дейінгі магистральдық газ құбырының құрылысын аяқтаумен және «БҒР-ТБА» магистральдық газ құбырын күрделі жөндеуден өткізумен және негізгі құралдардың тиісті объектілерін пайдалануға берумен байланысты.

### Өзгелері

2023 жылғы 30 маусымға әлі де пайдаланудағы толық амортизацияланған негізгі құралдардың құны және тиісті жинақталған амортизациясы 19.323.811 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 18.339.964 мың теңге).

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ 1.178.157 мың теңге мөлшерінде қарыздар бойынша шығындарды активтердің құрылысымен байланысты негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 611.995 мың теңге).

## 8 Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай түрде ұсынылды:

Мың теңге	Ескертпе	Газ тасымалдау активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Жиыны
2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)		89.061.453	1.600.157	90.661.610
Жалдау шарттары бойынша түсімдер	23	–	5.209	5.209
Жалдау шартын бұзу		–	(1.457.345)	(1.457.345)
Амортизация бойынша шығыстар	28, 29	(11.132.681)	(136.623)	(11.269.304)
<b>2023 ж. 30 маусым</b>		<b>77.928.772</b>	<b>11.398</b>	<b>77.940.170</b>

## 9 Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы ақпарат төменде келтірілген:

Мың теңге	АГҚ	БШГҚ	АГ	ОГ	Жиыны
2022 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)	710.273.099	219.039.220	1.121.606	210.139	930.644.064
Бірлескен кәсіпорын пайдасындағы үлесі	122.906.409	33.636.249	189.758	–	156.732.416
Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісіндегі өзге де үлестер	(314.403)	–	–	–	(314.403)
Дивидендтер	–	–	(90.851)	–	(90.851)
<b>2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)</b>	<b>832.865.105</b>	<b>252.675.469</b>	<b>1.220.513</b>	<b>210.139</b>	<b>1.086.971.226</b>



## 10 Берілген аванстар

Мың теңге	Ескертпе.	2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді*)
<b>Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар</b>			
Үшінші тараптарға берілген аванстар		63.266.942	919.774
Байланысты тараптарға берілген аванстар	33	1.836.519	1.836.519
Минус: құнсыздану резерві		(275.487)	(275.487)
		<b>64.827.974</b>	<b>2.480.806</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер мен қызметтер үшін берілген аванстар</b>			
Үшінші тараптарға берілген аванстар		1.213.530	1.242.170
Байланысты тараптарға берілген аванстар	33	87.631	2.459.120
Минус: құнсыздану резерві		(50)	(50)
		<b>1.301.111</b>	<b>3.701.240</b>

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша үшінші тараптарға айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар негізінен «Бейнеу-Жаңаөзен» магистральдық газ құбырының 2 желісін салғаны үшін 62.858.156 мың теңге мөлшеріндегі аванстарды қамтиды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: нөл теңге).

## 11 Байланысты тарапқа берілген қарыздар

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тарапқа берілген қарыздар мыналарды қамтиды:

Мың теңге	Ескертпе.	2023 ж. 30 маусымды (аудиттелмеген)	2022 ж. 31 желтоқсанда (аудиттелген)
<b>Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері</b>			
Байланысты тарапқа ұсынылған пайызсыз қарыздар		34.967.147	3.933.819
Минусы: дисконт		(1.203.671)	(408.942)
		<b>33.763.476</b>	<b>3.524.877</b>
Минусы: қысқа мерзімді бөлігі	33	(33.763.476)	(3.524.877)
<b>Ұзақ мерзімді бөлігі</b>		<b>-</b>	<b>-</b>

**Пайызсыз қарыздар**

2022 жылы топ «GPC Investment» ЖШС-мен «Атырау облысындағы Қашаған кен орнында қуаты 1.15 миллиард текше метр газ өңдеу зауытын салу» жобасын қаржыландыру үшін 40.000.000 мың теңгеге дейінгі сомаға қаржылық көмек шартын жасасты. Осы шарт шеңберінде 2022 жыл ішінде Топ 2023 жылғы 12 қыркүйекке дейін қайтару мерзімімен жалпы сомасы 3.933.819 мың теңгеге 2 транш берді. 16,1% - 18,2% нарықтық ставкаларды пайдалана отырып есептелген берілген сома мен берілген күнгі қарыздың әділ құны арасындағы 499.299 мың теңге мөлшеріндегі айырма қаржылық шығыстар ретінде танылды.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ 2023 жылғы 12 қыркүйекке дейін қайтару мерзімімен жалпы сомасы 31.033.328 мың теңгеге қосымша 3 және 4 транштар берді. 18,9% және 19,4% нарықтық ставкаларды пайдалана отырып есептелген берілген сома мен берілген күнгі қарыздың әділ құны арасындағы 2.777.209 мың теңге мөлшеріндегі айырма қаржылық шығыстар ретінде танылды (33-ескертпе).

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке (аудиттелмеген) ескертпелер**

**12 Басқа да қаржылық активтер**

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қаржылық активтер келесілерді қамтыды:

<i>Мың теңге</i>	<i>Ескертпе</i>	<b>2023 ж. 30 маусымды (аудиттелмеген)</b>	<b>2022 ж. 31 желтоқсанда (аудиттелген)</b>
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>			
Самұрық-Қазына облигациялары	33	63.382.196	–
ҚРҰБ ноттары	33	50.064.757	30.000.000
Қаржылық жалдау бойынша берешектер		2.962.082	3.600.948
		<b>116.409.035</b>	<b>33.600.948</b>
Минус: қысқа мерзімді бөлігі		(116.409.035)	(33.600.948)
<b>Ұзақ мерзімді бөлігі</b>		<b>–</b>	<b>–</b>

2023 жылдың 26 маусымында топ 2023 жылдың 26 желтоқсанына дейін өтеу мерзімі бар жылдық 3,5% сыйақы мөлшерлемесімен облигация үшін номиналды құны 100.000 АҚШ долларын құрайтын Аіх-те орналастырылған 1,400 Самұрық-Қазына купондық облигацияларын сатып алды.

**13 Өтелуге жататын ҚҚС және табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем**

<i>Мың теңге</i>	<b>2023 ж. 30 маусымда (аудиттелмеген)</b>	<b>2022 ж. 31 желтоқсанда (аудиттелген)</b>
Өтелуге жататын ҚҚС	168.475.097	137.403.060
Мүлікке саналатын салық	226.951	345.127
Төлем көзінен ұстанылатын табыс салығы	29.247	–
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	110.261	116.933
	<b>168.841.556</b>	<b>137.865.120</b>
Минус: орны толмайтын ҚҚС бойынша резерв	(14.515.853)	(14.519.193)
	<b>154.325.703</b>	<b>123.345.927</b>
Ұзақ мерзімді бөлік	106.224.094	78.509.782
Қысқа мерзімді бөлік	48.101.609	44.836.145

**14 Банк салымдары**

<i>Мың теңге</i>	<b>2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)</b>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)</b>
Өтеу мерзімі 5 жылдан асатын теңгедегі банк салымдары	2.583.426	2.765.157
Минус: күтілетін кредиттік зиян резерві	(18.874)	(9.339)
<b>Ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>2.564.552</b>	<b>2.755.818</b>
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейінгі АҚШ долларындағы банк салымдары	5.085.751	11.335.373
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейінгі рубльдегі банк салымдары	110.987	–
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейінгі теңгедегі банк салымдары	18.355	16.558
<b>Қысқа мерзімді бөлігі</b>	<b>5.215.093</b>	<b>11.351.931</b>

#### 14 Банк салымдары (жалғасы)

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша өтеу мерзімі бес жылдан асатын теңгедегі банктік салымдарға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «ForteBank» АҚ-ға тиісінше 2.001.330 мың теңге және 582.096 мың теңге мөлшерінде шектеулі салымдар кіреді. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға салымдар топ қызметкерлеріне жылдық 1% мөлшерлеме бойынша тұрғын үй қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде ашылды (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 1% мөлшерлеме бойынша 2.205.984 мың теңге). «ForteBank» АҚ салымдары жылдық 1% және 5% мөлшерлеме бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес тарату қоры болып табылатын бұғатталған шотта сақталады.

2023 жылғы 30 маусымда депозиттер 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге АҚШ долларында жылдық 0-1% пайыздық мөлшерлеменен (2022 жыл: жылдық 0-2%), теңгемен жылдық 1% (2022 жыл: жылдық 1%) және рубльмен жылдық 5% пайыздық мөлшерлеме бойынша банктерде орналастырылды.

#### 15 Ақша қаражаты және оның баламалары

<i>Мың теңге</i>	<b>2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)</b>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)</b>
Шетел валютасындағы қысқа мерзімді депозиттер	96.060.414	191.776.854
Теңгедегі қысқа мерзімді депозиттер	21.531.941	76.478.579
Шетел валютасындағы ағымдағы шоттар	97.261.058	195.744.964
Теңгемен ағымдағы шоттар	43.312.006	50.900.414
Талап етілгенге дейінгі брокерлік шоттардағы қалдықтар	1.638	34.793.929
Шетел валютасында бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз сатып алу және кері сату шарттары («кері репо»)	74.332.005	4.920.711
Бастапқы өтеу мерзімі теңгемен үш айдан аз сатып алу және кері сату шарттары («кері репо»)	26.999.110	22.508.059
Жолдағы ақша қаражаты	4.576	3.284
Кассадағы қолма-қол ақша	3.527	1.428
	<b>359.506.275</b>	<b>577.128.222</b>

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 7,25-16,1% (2022 жыл: жылдық 7,25-15,5%) және шетел валютасында жылдық 1%-2% (2022 жыл: жылдық 1%-2%) пайыздық мөлшерлемелермен орналастырылды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгемен жылдық 0%-4,17% (2022 жыл: 0%-4%) және шетел валютасында нөл пайызды құрады.

#### 16 Қорлар

<i>Мың теңге</i>	<b>2023 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)</b>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)</b>
Газ қорлары	37.013.950	32.565.747
Материалдар және қорлар	7.603.113	4.899.007
	<b>44.617.063</b>	<b>37.464.754</b>

